

ISSN 1998-6718



Мектептегі
ПСИХОЛОГИЯ
в школе



➤ *Профессор Ш.С. Сатиеваның 60 жылдық мерейтойына орай арнайы сан*

➤ *Парасат пен пайым биігінде: 60 жылдық гұмыр белесі*



2 (212)
2026

Психология ғылымдарының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ Педагогика және психология кафедрасының профессоры, республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы «Мектептегі психология – Психология в школе» журналы редакция алқасының мүшесі – Шолпан Серикбосыновна Сатиеваны мерейлі 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз. Атаулы мерейтойға орай журналымыздың бұл саны профессор Ш.С. Сатиеваға арналады.



Құрметті Шолпан Серикбосыновна!

Еліне елеулі ұстаз әрі ғалым ретінде Сізге зор денсаулық, ашық аспан, шығармашылық табыстар мен озық шәкірттер тілейміз. Мерейіңіз бен беделіңіз әрдайым үстем болсын! Қазақ психология ғылымының дамуына үлес қосып жүргеніңізге және ғылыми басылымдар мен мерзімді журналдарда әріптестік қызметіңіз үшін алғыс білдіреміз. Алар белестеріңіз мен асуларыңыз көп болсын!

Құрметпен, редакция.



№2 (212), 2026
(Ақпан-Февраль)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

М. ПЕРЛЕНБЕТОВ

Шолпан Серікбосыновна Сатиева: психолінгвистика мен педагогикалық психологиядағы ғылыми үлесі.....3

Н. ИРГЕБАЕВА

Жақсы ұстаз – ел болашағының негізін қалаушы6

М. ИБРАЕМОВА

Парасат пен пайым биігінде: 60 жылдық ғұмыр белесі.....9

Ж. АУБАКИРОВА

Ғылым мен Психологияға адал қызмет жолы: профессор Ш.С. Сатиеваның мерейтойына орай15

Г. АБДУЛЛИНА

Психология ғылымы мен жоғары білім саласындағы көрнекті ғалым.....18

Н. ГАЗИЗОВА

Еңбек пен ғылымдағы өнегелі жол21

Г. КУРЕБАЕВА

Қоғамдық сана трансформациясы және білім беру жүйесіндегі толеранттылық мәселелерін зерттеудегі ғалымның ғылыми үлесі25

Р. МУХМЕТОВА

Профессор Шолпан Сатиева: ғылым мен білімдегі адалдық және тұлғалық болмыс29

Ж. ОСПАНОВА

Ғалым және инновация: болашаққа нық қадам32

Д. ЖУМАГАЖИЕВА

Ғалым еңбегінің қоғам дамуындағы орны35

Н. РАМАЗАНОВА

Менің ғылыми жетекшім – менің жолбасшым38

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Маржан АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10964-Ж куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

27. 02. 2026 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Сайт:

www.pedagogltd.kz

Журнал «Rado Print»

баспаханасында басылды.

Алматы қ., Мыңбаев көш.,

46, кеңсе 411А.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)


Б.Р. Кадыров - д.п.с.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)


М.П. Кабакова – канд. психол. н.,
профессор (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к.,
профессор (Семей, Шәкәрім
университеті)

А.Х. Кукубаева – д. психол. н., проф.
(Кокшетауский унив. им. Абая
Мырзахметова)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Астана қ.)

 Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

 Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 27. 02. 2026 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб. т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Сайт: www.pedagogltd.kz

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
«Rado Print»
г. Алматы, ул. Мыңбаева, 46, офис 411А.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Шолпан Серікбосыновна Сатиева: психолінгвистика мен педагогикалық психологиядағы ғылыми үлесі

М. ПЕРЛЕНБЕТОВ

Шолпан Серікбосыновна Сатиева – Қазақстанның психологиялық ғылымындағы көрнекті тұлға, профессор, психология ғылымдарының кандидаты. Ол психолінгвистика және педагогикалық психология саласында терең зерттеулер жүргізіп, студенттердің оқу үрдісін психолінгвистикалық әдіс-тәсілдер арқылы жетілдіру, жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті коррекциялау механизмдерін әзірлеу сияқты бағыттарда ғылыми жаңалықтар енгізді.

Ғылыми қызметінің негізгі бағыттары психолінгвистика, тілдік сана, экстремизм, манипуляция және тұлғааралық коммуникация салаларын қамтиды. Ол психология мен педагогиканың теориялық және қолданбалы мәселелерін зерттеп, студенттердің оқу үрдісін психолінгвистикалық әдістер арқылы жетілдіру, жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті түзету механизмдерін әзірлеу бағытында бірнеше мемлекеттік және университеттік гранттардың орындаушысы болған. Ең ірі жобаларының бірі – 2018-2020 жылдар аралығында AP05135663 жобасы, қоғамдық сананың белсенділігін арттыруға бағытталған концептуалдық зерттеулерді қамтыды.

Шолпан Серікбосыновнаның ғылыми еңбектері кең көлемді және әр түрлі тақырыптарды қамтиды. Оның монографиялары мен оқу құралдары арасында: 1. Психолого-педагогические и инновационные основы развития техники чтения студентов (2012); 2. Жеке тұлғаның оқу жылдамдығын арттыруды қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері (2015); 3. Қазақстан Республикасындағы жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті коррекциялаудың психолінгвистикалық әдістерін әзірлеу (2015); 4. Даму психологиясы: теориялық және практикалық курс (2012); 5. Эксперименттік психология бойынша практикум және психодиагностика (2019).

Ғылыми мақалалары халықаралық журналдарда жарияланып, студенттердің оқу үдерісін жетілдіру, жастардың әлеумет-

тік бейімделу мәселелерін шешу, психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру саласында маңызды үлес қосты. Мысалы, 2023 жылы жарияланған «Формирование навыков социальной коммуникации у студентов медицинского факультета в системе профессионального образования: опыт Республики Казахстана» мақаласы студенттер арасындағы әлеуметтік коммуникацияны дамыту тәжірибесін көрсетті.

Ш.С. Сатиева педагогикалық қызметте де жоғары кәсібилік танытты. 2002-2007 жылдары Семей университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, 2009-2016 жж. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің психология кафедрасының меңгерушісі, 2012-2016 жж. психолінгвистикалық орталық директоры қызметтерін атқарды. Халықаралық тәжірибесін арттыру мақсатында 2006-2007 жылдары Чехияның Карлов университетінде қолданбалы психология саласынан тәжірибе алмасты, ал 2013 жылы Түркияның Памуккале университетінде психология және эксперименталды психология бойынша дәріс оқыды. Бұл тәжірибелер Шолпан Серікбосыновнаның кәсіби біліктілігін одан әрі тереңдетіп, ғылыми жұмыстарының халықаралық деңгейде мойындалуына ықпал етті.

Шолпан Серікбосыновнаның еңбектері психология ғылымының теориялық негіздерін тереңдетіп қана қоймай, сондай-ақ педагогикалық практикаға тиімді қолданылатын әдістерді дамытуға үлкен үлес қосты. Оның зерттеулері студенттердің когнитивтік және эмоционалдық дамуын қолдауға, сондай-ақ тұлғааралық қатынастарды жақсартуға бағытталған.

Педагогикалық жетістіктері жоғары бағаланды: 2006 және 2012 жылдары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, 2009 жылы жас ұрпақты оқытудағы елеулі еңбегі үшін «Ы. Алтынсарин» белгісімен марапатталды. Сонымен қатар, халықаралық деңгейде «Менің педагогикалық мамандығым» II Халықаралық педагогикалық шеберлік сайысында 1-орын дипломын алды. 2021 жылы «Primary Health Care» ұлттық ассоциациясының Алғыс хаты, ал 2025 жылы «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі берілді.

Ғалымның ғылыми белсенділігі тек Қазақстанмен шектелмейді. Ол халықаралық ғылыми журналдардың редакциялық

алқасының мүшесі, сонымен қатар, Еуропа педагогика және психология ассоциациясының белсенді қатысушысы. Оның зерттеулері психологияның практикалық салаларында – мектеп психологының жұмысы, медициналық психология, эксперименталды психология және психодиагностика – қолданыс тауып, жастардың бойындағы әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған.

Сатиева Шолпан Серікбосыновна өзінің өмірбаянында ғылыми жаңалықтар мен практикалық тәжірибелерді ұштастыруға зор көңіл бөлді. Ол тек теориялық зерттеулерді жүргізіп қана қоймай, студенттердің жеке дамуына, әлеуметтік бейімделуіне, тілдік және психологиялық сауаттылығын арттыруға үлес қосты. Бұл оның педагогикалық, ғылыми және қоғамдық қызметінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Ш.С. Сатиева – өз ғылымының шебері, студенттер мен әріптестеріне үлгі бола білетін ғалым, педагог және ғылыми жетекші.

2015 жылы Қазақстанда алғаш рет «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестігі құрылып, профессор Ш.С. Сатиева Семей қаласындағы қоғамның филиалын басқарды. 10 жыл көлемінде «Қазақ психологиялық қоғамы» көптеген Халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар, 1 Конгресс, 3 рет Пленум және 3 рет өзінің құрылтай съезін өткізді.

2025 жылы 25 желтоқсанда, Психологтар күніне және «Қазақ психологиялық қоғамының» 10-жылдығына арналған Республикалық психологтар форумы ұйымдастырылды. Форумға еліміздің түкпір-түкпірінен психологтар келіп, қазіргі психология ғылымы мен практикасының өзекті мәселелері талқыланды. Съездің жұмысының нәтижесі ретінде Резолюция қабылданды.

Қорытындылай келе, Шолпан Серікбосынқызы Сатиева – Қазақстанда педагогикалық психология мен психолінгвистика саласында жаңа ғылыми әдістерді енгізген, студенттердің оқу үрдісін жетілдіруде маңызды үлес қосқан ғалым. Оның халықаралық тәжірибесі, ғылыми жобалары мен зерттеулері еліміздегі психологиялық ғылымның дамуына елеулі ықпал етіп келеді.

60 жылдық мерейтой – ғалымның өмірлік жолында, кәсіби

жетістіктерін, ғылым мен білім саласына қосқан зор еңбегінің лайықты бағасын алатын кез.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақтың қиялына қанат бітіріп, санасына сәуле себелеп, үлкен ғылыми шығармашылық жетістіктерге жетіп, игілікті ісіңізді абыроймен атқара беруіңізге әрдайым тілектеспіз.

Жақсы ұстаз – ел болашағының негізін қалаушы

Н. ИРГЕБАЕВА

Психология ғылымдарының кандидаты, профессор Сатиева Шолпан Серикбосыновна ұлағатты ұстаз, еліміздің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының екі дүркін иегері.

Ұстаздар дайындаудың қара шаңырағы Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінде Психология ғылымының 19. 00. 07-педагогикалық психология саласынан кандидаттық диссертация қорғап, оқу орындарында жалғасқан ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде профессор атағын алған ғалым.

Шолпан Серикбосыновна болашақ психологтарды: Тәжірибелік психология және психодиагностика бойынша практикум, мектеп психологының қызметі, медициналық психология, психологиялық зерттеуде статистикалық әдістер, денсаулық психологиясы, қолданбалы психодиагностика, психодиагностика негіздері, эксперименталды психология, әлеуметтік, саяси, дифференциалды психология, эксперименталды психология, психодиагностика және басқа да пәндерден білім нәрімен сусындатуда. Сондай ақ өзінің алдынан өтетін студенттер мен магистранттардың, зерттеушілердің бойынан бұрын өз деңгейінде қолдау таппағандықтан, мәселенің түп негізін түсіну қабілетін аша алмай жүрген білім алушыларды байқап, олардың жасырын әлеуетін ашып, өз мүмкіндіктерін тануына ықпал ету тәжірибесі мол. Ғалымның нарративтік қабілеті білім алушылардың өзін адекватты сезініп, өзіне деген сенімін арттыруға, «Менін» анықтауға, тұлғалық сапаларының жетілуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы психология ғылымының қазіргі даму деңгейі мен зерттеу бағыттарын әлемдік аренада дәріптеуге белсене ат салысатын өрелі ғалым.

Мәселен, шетелдермен байланыста 2013 жылы Түркияның Денизли қаласындағы Памуккале университетінде. "Pamukkale Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Psikoloji Bölümü" психология және эксперименталды психология пәндері бойынша дәріс оқып, Ресейдің көптеген жоғары оқу орындарының Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларына шақырылып, зерттеу тақырыптары бойынша баяндамалар жасап, Алғыс хаттар алған.

Шолпан Серікбосыновнаның жемісті ғылыми-педагогикалық қызметі, мол тәжірибесі мақалаларында, монографиялар мен оқулықтарында, оның ішінде жоғары және орта мектептерге арналған оқу-әдістемелік құралдарда, сондай-ақ 3 авторлық және ұжымдық монографияларында және оқулықтар мен оқу құралдарында қамтылған. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің авторлық куәлігінің иегері (2017-2020 жж.)

Қазіргі психологиялық-педагогикалық және психологиялық-саяси мәселелер бойынша еңбектері ККСОН, ВАК және Scopus базасындағы журналдарында жарық көрген.

Ғылымға құштарлығы мен ізденімпаздығының арқасында ғалым төрт ғылыми жобаларды орындау гранттарының иегері, ал AP05135663 «Негізгі ұғым-концептілердің құрылымы мен мазмұнын түзету және концептуалдық өзгертулер арқылы қоғамдық сананың белсенділігін арттыру» (2018-2020 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру) тақырыбындағы зерттеу жұмысы әр қоғамда соның ішінде қазіргі қоғамдағы ғылым мен техниканың қарыштап дамуы мен жаһандану, цифрландыру, интернационалдану жағдайындағы аса өзекті қоғамдық сананы жетілдіру бағытына қосылған елеулі еңбек.

Еңбек жолында ұзақ жылдар Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің психология кафедрасының меңгерушісі және 2002-2007 жылдар арасында Семей қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Семей университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқаруда. Шолпан Серікболсыновна 2018-2020 жылдары Қазақ ұлттық академиясы

ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және редакциялау-баспа қызметі бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

2017-2018 жылы «Тұран-Астана» университетінің Психология және Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасында қызметтес болдым. Ғалымның білім беру мен ғылыми зерттеу жұмыстарында қол жеткен жетістіктері оқу орындары, қоғамдық мекемелер мен ҚР білім және ғылым министрлігінің назарынан тыс қалмаған, оның айғағы:

1. Білім мен тәрбиені дамытуға қосқан үлесі үшін Семей қаласы әкімінің мадақтауы мен әкімшілік мадақтамалары;

2. «2006 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының және «2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері;

3. 2009 жылы жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» белгісімен марапатталды;

4. «Жоғары білім» жобасын жүзеге асырудағы белсенді және жемісті әріптестігі үшін «Фолиант» баспасының арнайы дипломымен марапатталған (Астана қ., 2012 ж.);

5. «Қазақстан Ғалымдары» энциклопедиясының ғалымдары тізімін бекіту туралы © УЧЕНЫЕ КАЗАХСТАНА 2015 – INSTITUTE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES ғылыми өмірбаяндардың толық нұсқасы www.ukz.kz сайтына түпнұсқалы күйінде орналастырылды;

6. «Academic science – problems and achievements. USA: CreateSpace, LaCross Road, North Charleston, SC, USA 2946 2013 ж.» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына белсене қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталған (Мәскеу қ., 31.01.2013 ж.);

7. Вятск мемлекеттік гуманитарлық университеті, лингвистика факультетінің жас зерттеушілерді даярлау және ғылыми бірлестік жұмыстарды атқарғаны үшін алғыс хатпен марапатталды. (Киров қ.);

8. «Менің педагогикалық мамандығым» атты II Халықаралық педагогикалық шеберлік сайысында 1-орынды иеленіп, дипломымен марапатталған (Ресей, Таганрог қ. 18.03.2013 ж).

Сонымен қатар Сатиева Шолпан әр кез: International Scientific Journal “SCIENCE” атты халықаралық ғылыми журналдардың редакциялық коллегия мүшесі.

Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы «Мектептегі психология – Психология в школе» журналының редакциялық алқа мүшесі.

Республикалық қоғамдық бірлестігі «Қазақ психологиялық қоғамы» және Европа ассоциациясының педагогика және психология «Ғылым» <http://eapps.info/ru/> бөлімі мүшесі.

2018 – High School Teachers European Society Histes мектебі бөлімінің мүшесі қызметтерін атқаруда.

Қорыта келгенде, Сатиева Шолпанның асқақ арманы ізденістегі белсенділігімен астасқан, әділеттілікті, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі тәжірибесі ішкі ұстанымының көрсеткіші. Ғалым білім алушылардың жалпы және кәсіптік құзыреттерін қалыптастырып, дамыту мақсатында оқу процесінде сабақ өткізудің белсенді және интерактивті түрлерін сыныптан тыс жұмыстармен үйлестіре пайдаланатын талапшыл, ізденімпаз ұстаз.

Құрметті, Шолпан Серікбосыновна! Білім беру саласындағы ғылыми зерттеулеріңіздің қоғамдық сананың гуманистік құндылықтарды жетілдірудегі ықпалы артсын. Шығармашылық шабытыңыз асқақтай берсін. Зор денсаулық тілеймін!

Парасат пен пайым биігінде: 60 жылдық ғұмыр белесі

М. ИБРАЕМОВА

Ұлағатты Ұстаз, белгілі психолог ғалым, Шәкәрім университетінің ғылыми-академиялық кеңістігінде өзіндік орны бар, ардақты әріптесіміз – психология ғылымдарының кандидаты, профессор Сатиева Шолпан Серікбосынқызы биыл мерейлі 60 жасқа толып отыр. Бұл – уақыт өлшемі ғана емес, мағыналы еңбек пен парасатты өмірдің айқын көрінісі.

60 жас – кемелдік пен көрегендіктің, тәжірибе мен терең пайымның кезеңі. Осы белеске дейін Шолпан Серікбосынқызы кәсіби адалдықтың, ғылыми табандылықтың, ұстаздық жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсете білді. Оның өмір жолы –

ғылымға берілгендік пен адам жанына үңілуге деген шынайы қызығушылықтың үйлесімі.

Шолпан Серикбосынқызы 1980 жылы Аякөзде Ш. Уәлиханов атындағы орта мектепті үздік бітіргеннен кейін, ұстаздыққа деген құштарлығы 1980 жылы Семей қаласы М. Әуезов атындағы педагогикалық училищенің «бастауыш сынып мұғалімі» мамандығын таңдап, сол жерде төрт жыл оқуына мүмкіндік берді. М. Әуезов атындағы педагогикалық училищеде оқу барысында алғаш психологияға деген танымдық қызығушылығы орныға бастайды. Сол кездегі білім мен ғылым ордасы 1984-1988 ж.ж аралығында Талдықорған қаласының І. Жансүгіров атындағы университетте білім алып, сол оқу орынындағы «Психология» мамандығын үздік белгімен аяқтады.

Адамның өмір жолын айқындайтын ең басты факторлардың бірі – оның өскен ортасы. Ал сол ортаның өзегі – ата-ана. Биыл 60 жасқа толып отырған Шолпанның ғылымға, білімге, ізденіске деген ерекше ықыласының бастауы да дәл осы отбасылық ортада қалыптасты.

Шолпан – тағдыры тарихпен біте қайнасқан әулеттің перзенті. Оның әкесі – Сатиев Серікбосын Сыдықұлы, 1922 жылы 9 мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданына қарасты Белтерек ауылында дүниеге келген. Ол – Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғысқа дейін Талғар қаласынан әскер қатарына шақырылып, 38-ші жеке атқыштар бригадасының құрамында Батыс майданда шайқасты. Ржев қаласының маңындағы ауыр ұрыстарды, Беларусь пен Польшаны, Берлинге дейінгі қан майданды бастан кешіріп, соғысты Жапонияда аяқтады. Ерлігі үшін бірнеше марапаттарға ие болды, соның ішінде «Германияны жеңгені үшін» медалін де алып, өзінің туған күнін «Жеңіс» күнімен бірге тойлап қайтқан жауынгер.

Соғыстан кейінгі жылдары Серікбосын аға бейбіт өмірге белсене араласып, Семей облыстық комсомол комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. Дәл осы кезеңде ол Семей қаласындағы Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін тәмамдайды. Кейін екі бірдей жоғары оқу орнын бітіріп, қарапайым мұғалімнен бастап мектеп директоры, кәсіби-техникалық училищелерде басшы қызметтер атқарған. 1962 жылы Қызылорда қаласындағы Гоголь атында-

ғы педагогикалық институттың физика-математика факультетін сырттай аяқтауы – оның өмір бойы білімге адал болғанын дәлелдейді. Ақтоғай, Лепсі, Жарма стансаларындағы мектептерді басқаруы – елге сіңірген еңбегінің айғағы.

Ал анасы – Какиманова Бану Түкішқызы, 1929 жылы 18 ақпанда дүниеге келген, ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған көрнекті педагог. Ол – Қазақ КСР халық ағарту ісінің қайраткері, Ұлы Отан соғысының еңбек ардагері, «Ағарту ісінің үздігі» медалінің иесі, филолог. Семей қаласындағы Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін бітірген. Бану ана бес баланы тәрбиелеп, барлығын да білім жолына жетеледі. Олардың балалары әр салада елге қызмет етті: үлкен қызы Светлана – мұғалім, ортаншы қызы Гүлраушан – дәрігер, үлкен ұлы Саябек – фельдшер, кіші ұлы Рахмет – экономист, ал кенже қызы Шолпан – ғалым.

Шолпан Серікбосынқызының ғылымға, әсіресе психология саласына қызығушылығының бастауында анасының студенттік жылдарындағы естеліктері жатыр. Бану Түкішқызының айтуынша, сол кезеңде Семей педагогикалық институтында педагогика және психология кафедрасын басқарған профессор А.П. Нечаев психология пәнінен дәріс оқыған. Ол кісінің өмірі мен ғылымға адалдығы жайлы қызықты әңгімелері жас Шолпанның жүрегінде ерекше із қалдырады. Ол уақытта психология мамандығы туралы мәлімет аз болғанымен, дәл осы әңгімелер Шолпанның болашақ кәсіби жолын айқындады.

Осылайша, майдангер болған ұстаз әкенің табандылығы мен ұстаз анасының парасаты, білімге деген құрметі мен еңбекқорлығы Шолпанның тұлға болып қалыптасуына негіз болды. Оның 60 жылдық ғұмыры – тек жеке жетістік емес, тұтас бір әулеттің білім мен елге қызмет ету жолындағы жалғасы. Шолпанның өмірі – тәрбиенің, рухани мұраның және білімге деген адалдықтың адам тағдырындағы шешуші рөлін дәлелдейтін жарқын мысал.

Жас та жігерлі жан үшін үлкен өмірдің қиындығы мен қызығы қатар жүретін жаңа әрі тың белестері басталды. Әке мен анадан мирастықпен берілген ұстаздық арман- мақсат өз жалғасын тауып, алғашқы еңбек жолын Талдықорған қаласын-

дағы орта мектепте, кейін Шұбартаудағы Мұқатай Әбеулов атындағы мектепте ұстаздықтан бастады. Ары қарай өзі оқыған Семей қаласы М. Әуезов атындағы педагогикалық училищесінде ұстаздық қызметін жалғастырды.

Ғылымға деген құлшыныс өзін-өзі дамытуды басты ұстаным етіп алған, кемелденген ұстазды жаңа биіктерді бағындыруға жетеледі. Сөйтіп, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «Психология» кафедрасына оқытушы болып қызметке тұрып, 2001 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік университетінде «Оқу техникасын арттырудың психологиялық негіздері» кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді. 2002-2007 жылдар арасында Семей қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Семей университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі болып, жаңадан ашылған университеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Сол кездегі кафедра оқытушыларының ғылыммен айналысуына барынша қолдау көрсеткен басшы бола білді. 2009-2016 жылдары Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің «Психология» кафедрасының меңгерушісі болды. Кафедраның стратегиялық дамуына, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, оқу-әдістемелік кешендерді жаңартуға белсенді атсалысты. Бір кезеңде бірнеше басшылық қызметті қатар алып жүрді. 2012-2016 жылдары Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің психолінгвистикалық орталық директоры сынды басшылық қызметтерді атқарып, оқу білім ғылым саласының өркендеуіне өз үлесін қосты. Қаншама жыл үзеңгілес қызметтес болған әріптесіміздің білікті басшы ретінде кафедра ұжымын ұйымдастыра білді. Өз ісіне адал, әрі әділ басшы болды. Қаншама жыл басшылық қызметте болса да, ғалым ретінде ғылымды бірге алып жүрді.

Шолпан Серикбосынқызы психология ғылымы саласында ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп келеді. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін ол зерттеу жұмысын тоқтатпай, ғылыми ойды тереңдету мен жаңғырту бағытында жүйелі ізденіс жүргізді. 2011 жылдан бастап мемлекеттік гранттарға қатысып, 4-5 ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға сәйкес қаншама Жобаларды ұтып алып, оның жүзеге асырушысы болып келеді.

Оның ғылыми еңбектері тұлға дамуы, кәсіби қалыптасу психологиясы, білім беру үдерісіндегі психологиялық қолдау, заманауи жастардың психологиялық ерекшеліктері сияқты өзекті мәселелерді қамтиды. Зерттеулерінде теориялық негіз бен практикалық тәжірибе өзара сабақтасып, нақты білім беру кеңістігінде қолданылатын нәтижелерге ұласады.

Осы ізденістерінің арқасында екі мәрте «2006 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының және «2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері атанды. Бұл үлкен жетістік. Ғылымға қосқан үлесін саралай келе, 2014 жылы 14 ақпанда №272 бұйрық бойынша Психология мамандығы профессоры ғылыми атағы берілді. Бүгінге дейін 3 монография, 1 оқу құралы, 4 оқу-әдістемелік құрал және Әлемдік және Республикалық басылымдарда 200-ден аса ғылыми мақалалары жарияланды. Республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда жасаған мәнді баяндамалары кәсіби қауым тарапынан жоғары бағаланып келеді.

2013 жылы Түркияның Денизли қаласындағы Памуккале университетіне ("Pamukkale Üniversitesi Fen-Edebiyat Fakültesi Psikoloji Bölümü") психология және эксперименталды психология пәндері бойынша дәріс оқыды. Ол ғылыми ізденісті тек жеке жетістік деп емес, ортақ интеллектуалдық капитал ретінде қарастырады.

2017-2018 жылдары «Психология және ӘГП» кафедрасының профессоры «Туран-Астана» университетінде және 2018-2020 жылдары Қазақ ұлттық академиясы ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және редакциялау-баспа қызметі бөлімінің басшысы қызметтерін де атқарды.

Шолпан Серикбосынқызы үшін ұстаздық – жай мамандық емес, өмірлік миссия. Аудиторияда ол сабырлы да салмақты, талапшыл әрі мейірімді ұстаз ретінде танылған. Оның дәрістері тек теориялық білім берумен шектелмейді, студентті ойлауға, өзін тануға, кәсіби жауапкершілікті сезінуге жетелейді.

Ол болашақ психолог мамандарды даярлау ісінде кәсіби құзыреттілікпен қатар адамгершілік құндылықтарға ерекше мән береді. Эмпатия, жауапкершілік, этикалық ұстанымдар – оның тәлімгерлік жұмысының өзегі.

Көптеген магистранттар мен жас зерттеушілерге ғылыми жетекшілік етіп, олардың алғашқы ғылыми қадамдарының қалыптасуына ықпал етті. Бүгінде оның шәкірттері түрлі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда еңбек етіп, ұстазының сенімін ақтап келеді. Шолпан Серикбосынқызы Шәкәрім университетінің оқу-әдістемелік және ғылыми әлеуетін нығайтуға айтарлықтай үлес қосты. Аккредиттеу үдерістеріне, ғылыми жобаларға, университетішілік бастамаларға жауапкершілікпен қатысып, сапалы білім беру стандарттарын қалыптастыруға еңбек сіңірді.

Ұжым арасында ол кәсібилігімен, байыптылығымен және парасатымен ерекшеленеді. Әріптестері үшін сенімді серіктес, әділ кеңесші, ортақ іске жанашыр тұлға ретінде құрметке ие.

Ғылым мен ұстаздық жолдағы табыстарымен қатар, Шолпан Серикбосынқызы – өнегелі отбасының тірегі, ардақты ана және үш немеренің сүйікті әжесі. Немерелерінің күлкісі мен балалық шаттығы оның өміріне ерекше жылылық сыйлайды. Әжелік мейірім мен ұстаздық парасат оның болмысында табиғи үйлесім тапқан. Ол отбасы құндылықтарын жоғары бағалап, кәсіби жетістік пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті сақтай білген жан. Шәкірт тәрбиелеудегі мейірім мен сабырдың қайнары да осы отбасылық рухани негізден бастау алатыны анық.

60 жас – өткен жолды таразылап қана қоймай, алдағы белестерге сеніммен қарау кезеңі. Шолпан Серикбосынқызының бойындағы ғылыми сергектік пен шығармашылық қуат әлі талай игі бастамалардың жүзеге асуына негіз болары сөзсіз.

Оның өмір жолы – жас ғалымдар мен студенттер үшін үлгі. Еңбекқорлық, адалдық, парасаттылық және адамға деген құрмет – оның тұлғалық болмысының басты сипаттары.

Шолпан Серикбосынқызын мерейтойымен құттықтай отырып, біліктілігі жоғары мамандар даярлау ісіне зор үлесін қоса беретініне сенеміз. Ғылыми ізденістеріңіз бен ұстаздық еңбегіңіз жаңа жетістіктермен толыға берсін. Шәкәрім университетінің дамуына қосқан өлшеусіз үлесіңіз әрдайым жоғары бағаланып, шәкірттеріңіздің жетістігі арқылы жалғасын таба берсін.

Ғылым мен Психологияға адал қызмет жолы: профессор Ш.С. Сатиеваның мерейтойына орай

Ж. АУБАКИРОВА

Мерейтой – бұл жай ғана атаулы күн емес, бұл өткен жолға көз жүгіртіп, қол жеткізген жетістіктерді, жаңа белестерді айқындайтын маңызды кезең. Бүгін психология саласындағы көрнекті ғалым, өз ісінің шынайы маманы және танымал сарапшы профессор Шолпан Серікбосынқызы Сатиева мерейтойын атап өтуде.

Шолпан Серікбосынқызының ғылыми ізденісі және даму жолы. Шолпан Серікбосынқызының үлкен ғылымға қадам басқан жолы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қабырғасынан бастау алады. Ғалым, 2001 жылы «Педагогикалық психология» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Сол уақыттан бері оның өмірі адам санасының терең қырларын зерттеумен және жаңа буын мамандарын тәрбиелеумен тығыз байланыста.

Ғалымның ғылыми қызығушылықтары кеңдігімен әрі өзектілігімен ерекшеленеді. Шолпан Серікбосынқызы еңбегінде психолингвистика мен тілдік сананы зерттеуден бастап, қоғамдағы экстремизмге қарсы іс-қимыл және манипуляция мәселелеріне дейінгі күрделі бағыттарды қамтиды.

Шолпан Серікбосынқызы өте танымал және халықаралық деңгейдегі жетістіктерге жеткен ғалым. Ғалымның Хирш индексі, сондай-ақ Scopus және Web of Science секілді беделді дерекқорларда жарияланған еңбектері әлемдік ғылыми қауымдастықтағы жоғары абыройын айқындайды. Сонымен қатар монографиялардың, оқулықтар мен көптеген оқу құралдарының авторы, бүгінде бұл еңбектер еліміздің жетекші жоғары оқу орындары студенттерінің білім алуына қызмет етіп отыр.

Әріптестері мен студенттері үшін Шолпан Серікбосынқызы кәсібилік пен іске адалдықтың үлгісі. Ол еңбек жолында Шәкәрім атындағы университетте және «Тұран-Астана» университетінде кафедра меңгерушісі сияқты жауапты қызметтер атқарды, пси-

холингвистикалық орталықты басқарды. Оның дәрістерін тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де, атап айтқанда, Түркиядағы Памуккале университетінде тыңдады.

Профессор Сатиева ғылыми ойдың алдыңғы шебінде жүріп, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық сананы дамытуға және этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған ауқымды мемлекеттік гранттарды табысты жүзеге асырып келеді.

Шолпан Серікбосынқызы Сатиеваның ғылыми қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі гранттық жобалар арқылы психоллингвистика, тілдік сана және қоғамдық келісім мәселелерін жүйелі түрде зерттеп, нәтижесін білім беру мен қоғамдық практикаға енгізуі. Ол әр жылдары республикалық және университеттік деңгейдегі бірқатар ірі ғылыми гранттардың орындаушысы әрі жетекші іске асырушысы ретінде танылды.

Ғалымның басшылығымен 2011-2012 жылдары Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің қолданбалы ғылыми-зерттеу гранты аясында «Оқу үдерісіне психоллингвистикалық әдіс-тәсілдерді ендіре отырып тілдік сананы қалыптастыру» тақырыбындағы жоба жүзеге асырылды. Бұл зерттеу білім беру үдерісінде психоллингвистикалық тәсілдердің тиімділігін арттыруға, студенттердің тілдік санасын дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіруге бағытталды.

Ал, 2012-2014 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранты бойынша «Қазақстан Республикасындағы жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті коррекциялаудың психоллингвистикалық әдістерін әзірлеу» жобасы орындалды. Жобада жастар ортасындағы мінез-құлық, көзқарас және әлеуметтік бағдарларға ықпал ететін тілдік тетіктерді талдау, қоғамдық ортада жауапты әрі тұрақты мінез-құлық қалыптастыруға көмектесетін психоллингвистикалық әдістерді әзірлеу.

Сонымен қатар, 2015 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранты негізінде «Қазақстан Республикасындағы этникалық топтардың тілдік санасын зерттеу арқылы этносаралық келісімді қамтамасыз етудің қорғаныш механизмдерін әзірлеу» тақырыбы қолға алынды. Бұл жоба қоғамдағы үйлесімділік пен бірлікті нығайтудың ғылыми негіздерін тереңдетіп, этносаралық өзара түсіністікке әсер ететін тілдік сана ерекшеліктерін анықтауға және

келісімді сақтаудың алдын алу-қорғаныш тетіктерін ұсынуға бағытталды.

2018-2020 жылдары гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында AP05135663 жобасы - «Негізгі ұғым-концептілердің құрылымы мен мазмұнын түзету және концептуалдық өзгертулер арқылы қоғамдық сананың белсенділігін арттыру» профессордың ғылыми мектебіндегі өзекті ізденістердің жалғасына айналды. Бұл жобада қоғамдық санаға ықпал ететін базалық ұғым-концептілердің құрылымы мен мазмұнын талдап, оларды түзету және жаңғырту арқылы қоғамның ойлау белсенділігін көтерудің ғылыми тәсілдері қарастырылды. Аталған жоба аясындағы жұмыс профессор Сатиеваның тек теориялық зерттеулермен шектелмей, қоғамдық маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған қолданбалы ғылыми нәтижелерге ұмтылатынын айқын көрсетеді.

Осыған орай, Шолпан Серікбосынқызы Сатиеваның ғылыми гранттары психолингвистика мен тілдік сана зерттеулерін білім беру, жастар саясаты, этносаралық келісім және қоғамдық сана белсенділігі секілді стратегиялық бағыттармен ұштастырған, Қазақстан ғылымының дамуына нақты үлес қосқан іргелі әрі қолданбалы еңбектердің нәтижесі.

Бүгінде Шәкәрім университетінің «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры ретінде ол білім мен тәжірибесін жас мамандарға үйретуді жалғастырып, медициналық психология, психодиагностика, эксперименттік психология секілді пәндерден дәріс оқып келеді.

Ғылыми және педагогикалық қызметімен қатар, Шолпан Серікбосынқызы кәсіби қауымдастық өміріне де белсене араласады. Ол Қазақ психологиялық қоғамының, «Ғылым» атты педагогтар мен психологтардың Еуропалық қауымдастығының мүшесі, сондай-ақ халықаралық ғылыми журналдардың редакциялық алқаларына енген. Пандемия кезеңінде және кәсіби мерекелер аясында халыққа психологиялық көмек көрсетуге қосқан үлесі үшін арнайы атап өтілуі – оның биік адамгершілік қасиеттері мен психолог этикасына адалдығын айғақтайды.

Құрметті Шолпан Серікбосынқызы! Осы мерекелі күні құттықтауымызды қабыл алыңыз! Сіздің өмір жолыңыз – тынымсыз еңбектің, шығармашылық ізденістің және мамандыққа деген шына-

йы сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Сізге мықты денсаулық, жаңа ғылыми жаңалықтарға жетелейтін сарқылмас қуат, дарынды шәкірттер және қарапайым адамдық бақыт тілейміз. Әрбір жаңа күніңіз қуаныш әкелсін, ал Сіздің идеяларыңыз Қазақстан ғылымы мен білімінің өркендеуіне қызмет ете берсін! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Психология ғылымы мен жоғары білім саласындағы көрнекті ғалым

Г. АБДУЛЛИНА

Биыл отандық психология ғылымы мен жоғары білім беру жүйесінің дамуына қомақты үлес қосып келе жатқан, психология ғылымдарының кандидаты, профессоры Сатиева Шолпан Серікбосыновна 60 жылдық мерейтой иесі. Бұл мерейтой – ғылым мен білімге адал қызмет етудің, кәсіби табандылық пен тұлғалық кемелдіктің айқын көрінісі.

Шолпан Серікбосыновнаның ғылыми-педагогикалық қызметі жоғары оқу орындарындағы білім беру, ғылыми-зерттеу және басқару бағыттарын өзара сабақтастыра отырып, кәсіби психолог мамандарын даярлауға, ғылыми мектеп қалыптастыруға және қазақстандық психология ғылымын халықаралық ғылыми кеңістікке шығаруға бағытталған ауқымды мәселелер.

Ш.С. Сатиева 2002-2007 жылдары Семей қаласындағы М.О. Әуезов атындағы Семей университетінде педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып, кафедраның оқу-әдістемелік және ғылыми әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосты.

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған (2009-2016) жылдарында кафедраның стратегиялық дамуын қамтамасыз етті. Осы жылдары білім беру бағдарламалары жаңартылып, ғылыми зерттеулердің мазмұны тереңдеді, магистранттар мен докторанттардың ғылыми белсенділігі артты. Ғалымның басқарушылық қызметі ғылыми ұжымның біртұтас мақсатқа жұмы-

луына, академиялық ортада шығармашылық ахуалдың қалыптасуына ықпал етті.

Ш.С. Сатиева басшылығымен 2012-2016 жылдары университет жанындағы психолінгвистикалық орталықтың негізі қаланып, психология мен тіл білімінің тоғысындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер дамып, ғылыми кадрлар даярлау, эксперименттік зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін оқу үдерісіне енгізетін шәкірттер дайындауына негіз болды. 2013 жылдың қараша айында Түркия Республикасының Денизли қаласындағы Ратуккале университетінде психология және эксперименталды психология пәндері бойынша дәріс оқып, халықаралық академиялық кеңістікте қазақстандық психология ғылымының әлеуетін танытты. Бұл тәжірибе халықаралық ғылыми байланыстарды нығайтып, білім беру саласындағы өзара тәжірибе алмасуға жол ашты.

2017-2018 жылдары Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің психология кафедрасының меңгерушісі қызметін қайта атқарып, сонымен қатар «Туран-Астана» университетінде профессор ретінде педагогикалық қызмет жүргізді. 2018-2020 жылдары Қазақ ұлттық академиясында ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және редакциялау-баспа қызметі бөлімінің басшысы ретінде ұлттық ғылымды ұйымдастыру, ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыру және ғылыми кадрларды даярлау ісіне жауапты басқарушылық қызмет атқарды.

2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Шәкәрім университетінің» «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры ретінде ғылыми-педагогикалық қызметін табысты жалғастырып келеді.

Шолпан Серікбосыновнаның ғылыми-педагогикалық қызметі Қазақстандағы жоғарғы оқу орындары білімалушыларына оқулықтар мен оқу құралдарын, бағдарламалар дайындау ісімен де тығыз байланысты. Отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрген монографиялар, оқу құралдары мен халықаралық журналдардағы мақалалардың авторы ретінде есімі ғылыми қауымға кеңінен танымал тұлға.

Ш.С. Сатиева барша қабілет-қарымын психолінгвистика, тілдік сана, манипуляция, экстремизм психологиясы сияқты қазіргі қоғам үшін аса өзекті бағыттарға арнап келе жатқан, әлеуметтік-

психологиялық және мәдени-тілдік бағыттарының қалыптасуына, олардың түрлі салалармен байланыста дамуына күш-жігер жұмсаған, білікті мамандар даярлау ісіне үзіліссіз үлес қосып жүрген біртуар педагог.

Шолпан Серікбосыновна бірнеше ірі гранттық ғылыми жобалардың орындаушысы және жетекшісі болды. «Оқу үдерісіне психолінгвистикалық әдіс-тәсілдерді ендіре отырып тілдік сананы қалыптастыру» – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің қолданбалы ғылыми-зерттеу гранты (2011-2012 жж.); «Қазақстан Республикасындағы жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті коррекциялаудың психолінгвистикалық әдістерін өзірлеу» – ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранты (2012-2014 жж.); «Разработка защитных механизмов обеспечения межэтнического согласия на основе изучения языкового сознания этнических групп в Республике Казахстан» – ҚР БҒМ гранты (2015 ж.); АР05135663 «Негізгі ұғым-концептілердің құрылымы мен мазмұнын түзету және концептуалдық өзгертулер арқылы қоғамдық сананың белсенділігін арттыру» – 2018-2020 жылдарға арналған гранттық жоба (жоба орындаушысы). Аталған жобалар білім беру үдерісіне психолінгвистикалық әдістерді енгізуге, жастардың әлеуметтік-саяси мінез-құлқын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге, этносаралық келісімді нығайтуға және қоғамдық сананың белсенділігін арттыруға бағытталды. Бұл зерттеулердің нәтижелері теориялық маңызымен қатар, практикалық қолданысқа ие.

Профессор Шолпан Серікбосыновна алыс және жақын шетелдерге кеңінен танымал ғалым. Ғылыми еңбектері психолінгвистика, білім беру психологиясы, әлеуметтік және этнопсихология салаларындағы өзекті мәселелерді қамтиды. Ғалымның жарияланымдары ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып, білім беру және зерттеу тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Ш.С. Сатиеваның еңбегі мемлекет пен ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды. Ол Семей қаласы әкімінің мадақтаулары мен алғыс хаттарының; «2006 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының; «2012 жылдың жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының; «Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің (2009); «Фолиант» баспасының «Жоғары білім» жобасындағы белсенді әріптестігі үшін арна-

йы дипломының (2012); «Менің педагогикалық мамандығым» II Халықаралық педагогикалық шеберлік байқауының I орын дипломының (Тағанрог, 2013) иегері.

Құрметті Шолпан Серікбосыновна адам өмірінің ең бір асыл кезі, асқар белі – 60 жасқа келіп отырсыз. Сізді ғылым кандидаты, профессор, психология ғылымы саласының дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан көрнекті ғалым, жоғары зияткерлік әлеуеті мен кәсіби беделі зор тұлға ретінде шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің ғылыми-зерттеушілік жолыңыз – терең теориялық талдау мен тәжірибелік ізденістің, академиялық адалдық пен интеллектуалдық табандылықтың жарқын үлгісі. Сіз – білім мен ғылымды ұштастыра отырып, жас ғалымдар мен студенттердің кәсіби қалыптасуына ерекше ықпал етіп жүрген ұстаз, ғылыми мектептің негізін қалаушы, парасат пен зиялылықтың айқын үлгісісіз. Сіздің ғылыми жетекшілігіңізбен дайындалған еңбектер, тәрбиелеген шәкірттеріңіз – ұлттық ғылымның зияткерлік капиталына қосылған құнды үлес.

Осы мерейлі сәтте Сізге мықты денсаулық, сарқылмас шығармашылық шабыт, жаңа ғылыми жаңалықтар мен биік кәсіби жетістіктер тілейміз. Ғылым мен білім жолындағы абыройлы еңбегіңіз әрдайым лайықты бағаланып, ізгі істеріңіз жемісті жалғасын таба берсін!

Еңбек пен ғылымдағы өнегелі жол

Н. ГАЗИЗОВА

«Адам жаны – ең күрделі әлем», «Психология – жүрекке апарар ең нәзік жол» деген даналы сөздер адамзат баласының өзін тануға деген мәңгілік ұмтылысын айқын көрсетеді. Бүгінгі алмағайып заманда, ақпарат тасқыны мен әлеуметтік ықпал күшейген кезеңде психология ғылымы қоғамның рухани тұтастығын сақтайтын, адам мен адам арасындағы түсіністікті қалыптастыратын аса маңызды ғылымға айналды. Психология – тек ғылым емес, ол адамға үміт сыйлайтын, жан жарасын емдейтін, сананы серпілтетін өмір философиясы.

Осы қасиетті салаға ғұмырын арнап, ғылым мен адам жанының терең сырын ұштастыра білген көрнекті ғалым, Шәкәрім университетінің профессоры, психология ғылымдарының кандидаты Сатиева Шолпан Серікбосыновна. Биыл ол саналы ғұмырын ғылым мен білімге арнаған еңбегінің биік белесі – 60 жылдық мерейтойын атап өтуде. Бұл мерейтой – оның қажырлы еңбегінің лайықты мойындауы және ғылым саласындағы қызметіне көрсетілген құрметтің айғағы.

Шолпан Серікбосыновна Сатиева Аягөз қаласында дүниеге келген. Бала күнінен бастап білімге деген құштарлығы мен ізденімпаздығы ерекше болып, ол әрдайым жаңа нәрселерді үйренуге ынталы болған. 1988 жылы І. Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтын үздік дипломмен тәмамдады. Осы кезеңнен бастап ол педагогикалық психология саласына ерекше қызығушылық танытып, болашақ ғылыми қызметінің іргетасын қалады.

2001 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы мемлекеттік университетте 19.00.07 – педагогикалық психология мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап, ғылымдағы алғашқы маңызды қадамын жасады. Оның зерттеулері педагогика мен психологияның өзара байланысын терең талдауға, білім беру процесінде психологиялық әдістерді тиімді қолдануға бағытталған. Ғалымның ғылыми ізденістері психолингвистика, тілдік сана, манипуляция, экстремизм психологиясы сияқты қоғам үшін аса өзекті салаларды да қамтиды. Оның зерттеулері тіл, сана және қоғамдық ойлау үдерістерінің өзара байланысын терең ғылыми тұрғыда талдаумен, қоғам үшін практикалық құндылығымен де ерекшеленеді.

Ғалымның тағы бір үлкен қыры – ұстаздық қызметі. Ол көп жылдар бойы жоғары оқу орындарында дәріс оқып, мыңдаған студенттер мен жас мамандарды психология ғылымына баулыды. Оның тәлімін алған шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде және шетелдерде білім беру, ғылым, практикалық психология саласында табысты еңбек етуде. Шолпан Серікбосыновна үшін ұстаз болу – тек маман даярлау емес, адам тәрбиелеу, тұлға қалыптастыру деген ұстаныммен тығыз байланысты. Оның шәкірттері ұстазынан тек білім ғана емес, адамгершілік, жауапкершілік, ғылымға адалдық секілді өмірлік құндылықтарды үй-

ренді. Шәкірт жүрегінде ұстазға деген құрмет пен ризашылықтың сақталуы – оның еңбегінің шынайы бағасы.

Шолпан магистранттарға дәріс оқу арқылы жоғары білікті болашақ мамандарды даярлауға елеулі үлес қосып келеді. Ол магистрлік диссертациялық зерттеулерге жетекшілік жасап, ізденушілерге ғылыми бағыт-бағдар беруде кәсіби шеберлігі мен зор жауапкершілігін айқын көрсетуде. Білім мен тәжірибесін ұштастыра біліп, әріптестері мен білім алушылардың кәсіби дамуына шын ниетпен атсалысатын осындай маманмен бір ұжымда жұмыс істеу – үлкен мәртебе. Оның тың идеялары, заманауи әдіс-тәсілдері және шығармашылық ойлау қабілеті оқу процесінің сапасын арттыруға айтарлықтай үлес қосып отыр. Сонымен қатар, Шолпан әріптестерімен ашық қарым-қатынас орнатып, ынтымақтастыққа негізделген жұмыс әдістерін дамыта отырып, ұжымның рухын көтеруге де ерекше ықпал етеді. Осындай кәсіби біліктілігі мен адами қасиеттері арқасында ол әрқашан өз ісінің шынайы көшбасшысы ретінде танылды.

Шолпан Серікбосыновна – жоғары мектепте мол тәжірибесі бар білікті ұйымдастырушы. Ол әр жылдары Семей қаласындағы жетекші жоғары оқу орындарында психология кафедраларын басқарды, психолінгвистикалық орталықтың директоры болды. 2013 жылы Түркияның Памуккале университетінде дәріс оқып, қазақстандық психология ғылымын халықаралық деңгейде танытты.

Шолпан Серікбосыновна – өз ісіне шын берілген, үнемі ізденісте жүретін кәсіби маман. Ол университеттің Психологиялық қызмет орталығына жетекшілік еткен кезінде білім алушыларға, қызметкерлерге және профессорлық-оқытушылық құрамға арналған қызықты әрі мазмұнды біршама тренингтер өткізді. Бұл тренингтер тек теориялық ақпарат берумен шектелмей, қатысушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға, жеке тұлғалық әлеуетін ашуға және команда ішіндегі өзара түсіністік пен сенімді нығайтуға бағытталды. Сонымен қатар, Шолпан ұжымдық рухты көтере білді, әрбір қатысушыны ортақ мақсатқа бөлсенді түрде қатысуға ынталандырды және бірлік пен ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Ол тыңдаушыларын ойландырып қана қоймай, нақты әрекетке жетелей біледі. Тренингтері әрдайым мазмұнды, өмірмен тығыз байланысты әрі өте қызықты

өтеді. Өзім көп жылдар бойы бір ұжымда әріптес болып қызмет атқарып келе жатқан жан ретінде, Шолпанның кәсіби біліктілігіне және адаммен жұмыс істеудегі шеберлігіне әрдайым жоғары баға беремін. Әсіресе, «Өзгеруге дайын бол» тақырыбындағы тренингіне қатысып, өзім үшін маңызды ой түйіп, үлкен мотивация алып қайтқаным есімде. Бұл тренинг әр қатысушының ішкі әлеуетін ашуға, өзгеріске саналы түрде қадам жасауға жетелейді.

Профессор Ш.С. Сатиева – бірнеше мемлекеттік ғылыми жобалардың орындаушысы. Тілдік сананы қалыптастыру, жастардың саяси және әлеуметтік мінез-құлқын психолінгвистикалық тұрғыдан зерттеу, этносаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелеріне арналған жобалары бүгінгі қоғам сұранысына толық жауап береді. 2018–2020 жылдары жүзеге асқан ғылыми жобасы қоғамдық сананың белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды зерттеулердің бірі болды.

Ол – халықаралық және республикалық ғылыми журналдардың редакциялық алқасының мүшесі. Атап айтқанда, «International Scientific Journal SCIENCE», «Мектептегі психология – Психология в школе» журналдары арқылы психология ғылымының өзекті мәселелерін талқылауға белсенді қатысып отырады. Сонымен қатар ол «Қазақ психологиялық қоғамының», «Еуропалық педагогика және психология қауымдастығының» «Ғылым» бөлімінің, «High School Teachers European Society Histes» мектебі бөлімі мүшесі ретінде халықаралық ғылыми байланыстарды дамытуда елеулі қызмет атқарып келеді.

Қазіргі таңда профессор Шәкәрім университетінің «Психология және педагогика» кафедрасында қызмет атқарып, болашақ психолог мамандарды даярлауға, жас ғалымдардың қалыптасуына айрықша еңбек сіңіруде. Ол көптеген пәндерден дәріс оқып, студенттер арасында үлкен құрметке ие болуда.

Ғылымдағы биік жетістіктерімен қатар, Шолпан Серікбосыновна – үлгілі ана, аяулы әже. Ол ұлы Қуаныштың ардақты анасы, келіні Мәдинаның қамқор енесі. Немерелері – Құрмет, Сафина, Ислана үшін мейірімі мол, сүйікті апа. Ғылым мен отбасылық құндылықтарды қатар алып жүру – оның өмірлік ұстанымының айқын көрінісі.

Ұстаздық парасат, ғылыми тереңдік пен адамдық жылылықты бойына тоғыстырған профессор Сатиева Шолпан Серікбосыновна

– бүгінгі жас ғалымдар мен педагогтар үшін үлкен өнеге. Мерейлі 60 жас – оның өмір жолындағы биік асу ғана емес, алда атқарылар игі істердің бастауы.

Ғалымға зор денсаулық, шығармашылық шабыт, отбасының амандығын, шәкірттерінің биік жетістіктерін тілейміз!

Қоғамдық сана трансформациясы және білім беру жүйесіндегі толеранттылық мәселелерін зерттеудегі ғалымның ғылыми үлесі

Г. КУРЕБАЕВА

Сатиева Шолпан Серікбосыновна – Қазақстандағы белгілі педагог-психолог, психология ғылымдарының кандидаты, профессор, жоғары оқу орнында кафедра меңгерушісі және психолінгвистикалық орталықтың директоры қызметтерін атқарған білікті маман. Ол ғылыми-педагогикалық қызметінде теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, отандық психология ғылымының дамуына жүйелі үлес қосты.

Ш.С. Сатиеваның ғылыми зерттеулері мен білім беру саласындағы тәжірибесі жасөспірімдер мен студенттердің психологиялық дамуы, тұлғалық қалыптасуы және әлеуметтік бейімделу мәселелеріне бағытталған. Ғалым оқу үдерісінде психолінгвистикалық әдістерді қолданудың тиімділігін негіздеп, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін, сыни ойлауын және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға ерекше назар аударды.

Сонымен қатар, оның еңбектерінде қоғамдық сана трансформациясы, толерантты мінез-құлық қалыптастыру, жастар ортасындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды оңтайландыру, кәсіби күйзелістің алдын алу және психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері кешенді түрде қарастырылған.

Ғалымның ғылыми еңбектері теориялық тереңдігімен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді. Оның зерттеулері білім беру жүйесінде, психологиялық қызмет көрсету саласында

және жастар саясаты бағытында кеңінен қолданылып, қазіргі заман талаптарына сай маман даярлау ісіне елеулі ықпал етуде.

Шолпан Серікбосыновна қазіргі уақытта Шәкәрім университетінде психология пәндері бойынша дәріс оқиды. Оның зерттеу бағыттары - білім беру психологиясы, педагогикалық психология, инклюзивті білім беру, оқу тәрбиелік процестегі психологиялық өзара әрекет және коммуникация.

Ол студенттер мен магистранттарға психология, педагогика теориясы, оқыту әдістері, білім беру жүйесінде зерттеулерді ұйымдастыру сияқты пәндер бойынша сабақ жүргізеді.

Сонымен қатар Шолпан Серікбосыновна психолингвистикалық орталықтың директоры және кафедра меңгерушісі ретінде білім беру және психологиялық зерттеу бағыттарында ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізді. Осы қызметтері аясында ол психологиялық білім беру, коммуникация және әлеуметтік психологиялық қолдау салаларында түрлі жобалар мен шараларға қатысты.

Ғалымның ең алғашқы ірі ғылыми еңбектерінің бірі – «Психолого-педагогические и инновационные основы развития техники чтения студентов» (Монография, 2012) атты жұмысы, онда студенттердің оқу техникасын жетілдірудің психологиялық және педагогикалық негіздері қарастырылған. Бұл зерттеу оқу үрдісінде инновациялық әдістерді қолданудың маңыздылығын көрсетеді.

2015 жылы жарық көрген «Жеке тұлғаның оқу жылдамдығын арттыруды қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері» монографиясында Ш.С. Сатиева студенттердің оқу жылдамдығын арттырудағы психологиялық тәсілдер мен педагогикалық стратегияларды талдаған. Сол жылы ғалым «Қазақстан Республикасындағы жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті коррекциялаудың психолингвистикалық әдістерін әзірлеу» жобасының нәтижелерін жариялап, жастардағы әлеуметтік тәртіп пен тәрбие мәселелерін психолингвистикалық тұрғыдан зерттеген.

Ғалымның зерттеулері тек теориялық бағытта ғана емес, тәжірибелік маңызға да ие. Мысалы, «Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс)» оқу құралы студенттердің психологиялық дамуы мен тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға арналған. Сонымен қатар, халықаралық жарияланымдарында (Life Science Journal, European Journal of Science and Theology) студенттердің

оқу жылдамдығы, тұлға дамуы, этникалық санасы, діни секталарға қатысу мотивтері сияқты тақырыптар зерттелген.

Ғалымның зерттеулері арасында қоғамдық сананы басқару, көпэтникалық келісім және толеранттілік тәрбие мәселелеріне арналған жұмыстар да бар. Мысалы, конференциялық жарияланымдарында («Декодирование смысла и методы воздействия на массовое сознание», 2015; «Толерантное поведение в образовании Республики Казахстан», 2015) ол қоғамдық сананы және білім беру жүйесіндегі толерантті мінез-құлықты дамыту мәселелерін қарастырған.

Сонымен қатар, Сатиева Шолпан Серікбосыновна кәсіби күйзеліс, тұлғаның эмоционалды жағдайы және психологиялық қолдау саласында да зерттеулер жүргізген. Оның мақаласы «Кәсіби күйзелісті зерттеудің нәтижелері» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, 2017) осы бағыттағы ғылыми және практикалық маңызға ие.

Жалпы, Сатиева Шолпан Серікбосыновна ғылыми қызметі оқу үдерісін психолингвистикалық тұрғыдан жетілдіру, тұлға дамуын арттыру, жастар арасындағы әлеуметтік тәртіп пен толеранттілікті қалыптастыру, психологиялық қолдауды дамыту салаларын қамтиды. Оның зерттеулері педагогика мен психология ғылымының теориялық және тәжірибелік дамуына елеулі үлес қосып отыр.

Сатиева Шолпан Серікбосыновна өз ғылыми қызметінде бірнеше маңызды гранттық жобаларды жүзеге асырған:

1. «Оқу үдерісіне психолингвистикалық әдіс-тәсілдерді ендіре отырып тілдік сананы қалыптастыру» / Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің қолданбалы ғылыми-зерттеу гранты, 2011-2012 жылдар. Жобаның мақсаты – оқу үдерісінде психолингвистикалық әдістерді қолдану арқылы студенттердің тілдік санасын дамыту;

2. «Қазақстан Республикасындағы жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті коррекциялаудың психолингвистикалық әдістерін әзірлеу» / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранты, 2012–2014 жылдар. Жобаның басты міндеті – жастар арасында әлеуметтік тәртіпті психолингвистикалық әдістер арқылы түзету механизмдерін әзірлеу;

3. «Разработка защитных механизмов обеспечения межэтнического согласия на основе изучения языкового сознания этнических групп в Республике Казахстан»/Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігінің гранты, 2015 жыл. Жобаның негізгі мақсаты – этникалық топтардың тілдік санасын зерттеу арқылы көпэтникалық келісімді қамтамасыз ететін қорғаныс механизмдерін әзірлеу;

4. АР05135663 «Негізгі ұғым-концептілердің құрылымы мен мазмұнын түзету және концептуалдық өзгертулер арқылы қоғамдық сананың белсенділігін арттыру»/2018–2020 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша жоба жетекшісі болған ғылыми гранттары нәтижелі және қолданбалы сипатқа ие болғанын да атап өту маңызды. Жобаның міндеті – негізгі концептуалды ұғымдарды өзгерту, әлеуметтік және мәдени коммуникацияны дамыту арқылы арқылы қоғамдық сананың белсенділігін арттыруда үлкен рөл атқарды.

Сатиева Шолпан Серікбосыновна – өз қызметінде ерекше ғылыми және педагогикалық еңбегі үшін көптеген марапаттар мен құрмет грамоталарымен мойындалған маман.

Семей қаласы әкімінің мадақтамалары – жоғары кәсіби жетістіктері мен білім беру саласындағы елеулі үлесі үшін бірнеше рет марапатталған.

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағы – 2006 және 2012 жылдары мемлекеттік гранттар мен атақ иегері ретінде таңылған, бұл оның педагогикалық шеберлігі мен студенттерді оқытудағы сіңірген еңбегін көрсетеді.

«Ыбырай Алтынсарин» белгісі (2009 ж.) – жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеудегі елеулі табыстары үшін берілген құрмет.

«Фолиант» баспасының арнайы дипломы (Астана қ., 2012 ж.) – «Жоғары білім» жобасын жүзеге асырудағы белсенді және жемісті әріптестік үшін марапатталған.

«Қазақстан Ғалымдары» энциклопедиясына енгізілу (2015 ж.) – Institute of Innovative Technologies ғалымдарының тізіміне тіркеліп, www.ukz.kz сайтында ресми түрде жарияланған.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға белсенді қатысу үшін алғыс хат – «Academic science – problems and achievements», USA, 2013 ж. (Москва қ., 31.01.2013 ж.)

Вятск мемлекеттік гуманитарлық университетінің алғыс хаты – лингвистика факультетінде жас зерттеушілерді даярлау және ғылыми бірлестік жұмысына қосқан үлесі үшін (Киров қ.)

II Халықаралық педагогикалық шеберлік сайысында 1-орын дипломы

– «Менің педагогикалық мамандығым» тақырыбында өткізілген конкурс, Ресей, Таганрог қ., 18.03.2013 ж.

Қорытындылай келе, Сатиева Шолпан Серікбосыновна – Қазақстандағы психология және педагогика ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосқан білікті ғалым әрі профессор. Оның ғылыми ізденістері оқу үдерісінде психолінгвистикалық әдістерді тиімді қолдануға, жастардың тұлғалық және психологиялық дамуын терең зерттеуге, әлеуметтік тәртіп пен толеранттылық мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ кәсіби күйзеліс пен психологиялық қолдау мәселелерін жүйелі талдауға бағытталған.

Ғалымның еңбектері теориялық тұрғыдан ғылыми негізделген, ал практикалық жағынан білім беру жүйесінде және психологиялық қызмет саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, оның ғылыми-педагогикалық қызметі отандық ғылымның дамуына және қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруға айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Профессор Шолпан Сатиева: ғылым мен білімдегі адалдық және тұлғалық болмыс

Р. МУХМЕТОВА

Философиялық тұрғыдан адам – мән мен мағына іздеуші, өз әрекеттері мен шешімдері арқылы өзін-өзі қалыптастыратын және қоғамның дамуына ықпал ететін субъект. Оның тұлғалық болмысы мәдени және әлеуметтік контекстімен тығыз байланысты, ал ғылыми зерттеулер осы контексті талдай отырып, адамның когнитивтік, эмоционалды және этикалық аспектілерін ашуға мүмкіндік береді.

Адамның психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қасиеттерін зерделеу – бұл оның жеке және кәсіби дамуын, қоғамдық белсенділігін және этикалық ұстанымдарын түсінуге бағытталған күрделі әрі көпқырлы процесс. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, адамның жеке тұлғалық ерекшеліктерін, қабілеттерін

және әлеуетін зерттеу тек теориялық білім берумен шектелмей, практикалық өмірде нақты шешімдер мен әрекеттерді жетілдіруге жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, адамның болмысы – ғылым мен философияның, теория мен практика арасындағы үйлесімді зерттеу нысаны болып табылады.

Міне осы тұрғыдан алғанда, профессор Шолпан Сатиева – өз өмірін ғылымға, білім беруге және адамгершілікке арнаған тұлға. Оның кәсіби және ғылыми болмысы дәл осы философиялық тұжырымға сәйкес келеді: ол мән мен мағынаны іздеуші, қоғамға ықпал ететін зерттеуші және шәкірттеріне үлгі болатын ұстаз. Психология ғылымындағы терең білімін, тәжірибелік шеберлігін және этикалық ұстанымын үйлестіре отырып, Ш.С. Сатиева адам болмысының күрделілігін ғылыми тұрғыдан зерттеп, өз еңбектері арқылы жеке тұлғаның және қоғамның дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Психология ғылымдарының кандидаты, профессор Сатиева Шолпан Серикбосыновнаның 60 жылдық мерейтойы – отандық психология ғылымы мен жоғары білім беру жүйесі үшін айрықша мәні бар белес. Оның ғылыми-педагогикалық қызметі заманауи психологиялық зерттеулердің өзекті бағыттарын қамтуымен және теориялық тұжырымдар мен практикалық шешімдерді сабақтастыра білуімен ерекшеленеді. Көпжылдық кәсіби қызметі барысында ғалым психоллингвистика, тілдік сана, экстремизм психологиясы, әлеуметтік мінез-құлықты түзету, тұлғааралық қарым-қатынас және қоғамдық сана мәселелерін кешенді әрі жүйелі түрде зерттеп келеді.

Профессор Ш.С. Сатиева ғылыми-педагогикалық қызметпен қатар, басқарушылық лауазымдарда да нәтижелі еңбек етті. Әр жылдары Семей қаласындағы жоғары оқу орындарында кафедра меңгерушісі, психоллингвистикалық орталық директоры, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды. 2020 жылдан бастап Шәкәрім университетінің «Психология және педагогика» кафедрасының профессоры ретінде өз қызметін жалғастыруда. 2013 жылы Түркияның Памуккале университетінде дәріс оқып, халықаралық академиялық ынтымақтастықтың дамуына үлес қосты.

Ол тәжірибелік психология, психодиагностика, медициналық психология, денсаулық психологиясы, әлеуметтік және саяси

психология, эксперименттік психология, статистикалық әдістер пәндері бойынша дәріс береді. Көпжылдық ұстаздық тәжірибесі барысында болашақ психологтар мен педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді.

Ғылыми және педагогикалық жетістіктері мемлекеттік және қоғамдық деңгейде жоғары бағаланған. Ол «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері (2006, 2012), 2009 жылы «Ы.Алтынсарин» белгісімен марапатталған. 2023 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасына ие болды. 2025 жылы «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталуы – оның ғылым саласындағы ұзақ жылғы еңбегінің заңды нәтижесі.

Профессор Ш.С. Сатиеваның кәсіби болмысын айқындайтын маңызды қырлардың бірі – білім беру үдерісінде заманауи технологиялық әдіс-тәсілдерді жүйелі және тиімді қолдануы. Ол цифрлық білім беру ресурстарын, интерактивті оқыту платформаларын, онлайн және аралас форматтағы оқыту технологияларын, психодиагностикалық бағдарламалар мен статистикалық талдау құралдарын оқу процесіне табысты енгізіп келеді.

Ғалым эксперименттік зерттеулер жүргізуде заманауи әдіснамалық аппаратты, сандық және сапалық талдау әдістерін, деректерді статистикалық өңдеудің инновациялық бағдарламаларын кәсіби деңгейде меңгерген. Бұл оның ғылыми нәтижелерінің дәлдігін, валидтілігі мен практикалық маңыздылығын қамтамасыз етеді.

Профессор Ш.С. Сатиева білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға, академиялық ортада ғылыми коммуникацияның жаңа форматтарын қалыптастыруға ерекше мән береді. Қазіргі білім беру жағдайында да оқу үдерісінің сапасын сақтай отырып, тиімді кері байланыс жүйесін, цифрлық бағалау тетіктерін және интерактивті оқыту стратегияларын нәтижелі жүзеге асырып келеді.

Сонымен қатар, Шолпан Серикбосыновна жоғары кәсіби құзыреттілігімен қатар, терең парасаттылығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен және адамгершілік ұстанымдарымен ерекшеленетін тұлға. Ол ғылыми ұстанымына беріктігімен, принципшілдігімен және зерттеушілік мәдениетінің жүйелілігімен танылған. Әріптестері мен білім алушылар арасында талапшыл әрі әділ,

ғылыми пікірталаста байыпты және дәлелді тұжырым жасай білетін ғалым ретінде құрметке ие.

Профессордың педагогикалық қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі – жас мамандарды қолдау, олардың ғылыми ізденісіне бағыт-бағдар беру. Ол академиялық адалдық қағидаттарын берік ұстанып, ғылыми мектептің қалыптасуына және дамуына үлес қосып келеді. Оның жетекшілігімен қалыптасқан шәкірттері бүгінде білім беру және психологиялық қызмет саласында нәтижелі еңбек етуде.

Жоғары интеллектуалдық мәдениет, стратегиялық ойлау, ғылыми жаңашылдыққа ашықтық және қоғамдық жауапкершілік – профессор Ш.С. Сатиеваның тұлғалық болмысын айқындайтын негізгі сипаттар. Ол ғылыми қауымдастықта ғана емес, кең академиялық ортада да беделді, парасатты ұстаз ретінде танылған.

Мерейлі белес – өткен жолдың қорытындысы ғана емес, жаңа ғылыми идеялар мен зерттеулерге бастайтын маңызды кезең. Профессор Шолпан Серикбосыновнаға зор денсаулық, шығармашылық серпін және отандық ғылым мен білім беру саласының дамуына бағытталған жаңа жетістіктер тілейміз.

Ғалым және инновация: болашаққа нық қадам

Ж. ОСПАНОВА

Жиырма бірінші ғасыр – білекке емес, білімге сенген, технология мен ғылыми жаңалықтар алдыңғы шепке шыққан, интеллектуалдық бәсекелестік салтанат құрған дәуір. Қазіргі заманғы қоғамда ғалымның рөлі тек зертханалық ізденістермен немесе аудиториялық дәрістермен шектелмейді. Бүгінгі таңда ғалым — қоғамдық сананы жаңғыртушы, инновациялық идеяларды өмірдің нақты салаларына енгізуші және болашақ мамандарды зерттеушілік мәдениетке баулитын көшбасшы тұлға. Осы орайда, мен МПип-2501 тобының магистранты ретінде бізге дәріс беріп жүрген ұстазымыз, психология ғылымдарының кандидаты, профессор Шолпан Серікбосыновнаның сан қырлы ғылыми-педаго-

гикалық қызметі туралы ерекше құрметпен жазғым келеді.

Профессор Сатиева Шолпан Серікбосыновнаның ғылыми өмірбаяны еліміздің бас ұстаздар ұясы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қабырғасында қаланып, 2001 жылы «Педагогикалық психология» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаумен жаңа белеске көтерілді. Оның ғылыми жолы іргелі білімге негізделіп, үнемі ізденіспен, жаңашылдықпен толығып келеді. Ол дәстүрлі ғылыми бағыттармен шектелмей, психолінгвистика, тілдік сана, әлеуметтік манипуляция, экстремизм психологиясы сияқты пәнаралық әрі стратегиялық маңызы зор салаларды терең зерттеп келеді.

Оның кәсіби тәжірибесі басқарушылық пен ғылымды ұштастыра білудің үздік үлгісі болып табылады. Ол Семей қаласындағы М.О. Әуезов атындағы университетте және Шәкәрім университетінде кафедра меңгерушісі, Психолінгвистикалық орталықтың директоры қызметтерін атқарып, аймақтағы ғылыми зерттеулердің сапасын жаңа деңгейге көтерді. 2018-2020 жылдары Қазақ ұлттық хореография академиясында ғылыми бөлімді басқарып, ғылыми жобаларды жүйелеу мен басқарудың инновациялық моделін қалыптастырды. Бүгінде Сатиева Шолпан Серікбосыновна – Шәкәрім университетінің профессоры, өз саласының нағыз майталманы әрі ғылыми мектеп қалыптастырған жетекші тұлға.

Бізге Шолпан Серікбосыновна «Психология негіздері бойынша оқушылардың зерттеу қызметі» және «Білім беру ұйымдарындағы ғылыми-практикалық негіздері» пәндерінен дәріс береді. Сонымен қатар, ол тәжірибелік психология, психодиагностика, медициналық психология және статистикалық әдістер бойынша тереңдетілген курстарды жүргізеді. Бұл пәндер – жай ғана теориялық курс емес, магистранттардың ғылыми ойлауын, зерттеу мәдениетін және академиялық жауапкершілігін қалыптастыратын маңызды бағыттар.

Әсіресе, «Психология негіздері бойынша оқушылардың зерттеу қызметі» пәнінде біз зерттеу проблемасын айқындау, ғылыми аппаратты құру, гипотеза ұсыну, әдіснамалық негізді дұрыс таңдау, нәтижелерді сапалы талдау мен интерпретациялау кезеңдерін терең меңгереміз. Ұстазымыз әрбір ғылыми қадамның логикалық жүйесін түсіндіріп, зерттеу жұмысының ішкі мәдениетін қалыптастырады. Ал «Білім беру ұйымдарындағы ғылыми-практикалық негіздері» пәні аясында білім беру кеңістігіндегі ғылыми

жобаларды ұйымдастыру, инновациялық технологияларды енгізу, зерттеу нәтижелерінің практикалық тиімділігін бағалау мәселелерін қарастырамыз. Бұл бізді тек теориялық тұрғыда емес, болашақта білім беру саласында ғылыми жобаларды басқара алатын кәсіби маман ретінде қалыптастырады.

Профессордың ғылыми ізденістері психологияның ең заманауи пәнаралық салаларын қамтиды. Психоллингвистика саласындағы зерттеулері тілдік сананың құрылымын, ұғым-концептілердің мазмұнын талдау арқылы қоғамдық санаға ықпал ету тетіктерін анықтауға бағытталған. Әлеуметтік манипуляция мен экстремизм психологиясы бойынша еңбектері қазіргі ақпараттық қауіп-қатер жағдайында қоғамның психологиялық қорғаныс механизмдерін қалыптастыруға ғылыми негіз болады.

Оның жетекшілік еткен мемлекеттік гранттық жобалары ғылымның қоғам өміріне нақты ықпал ете алатынын дәлелдейді. Жастардың саяси және әлеуметтік тәртібін коррекциялау (2012-2014), этносаралық келісімнің қорғаныс тетіктерін әзірлеу (2015), қоғамдық сананың белсенділігін арттыру (2018-2020) бағытындағы жобалар әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған маңызды зерттеулер болды. Сонымен қатар, оқу үдерісіне психоллингвистикалық әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы тілдік сананы қалыптастыру жобасы білім беру жүйесіне жаңа серпін берді.

Ұстазымыздың қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан жоғары марапаттармен айшықталған. Ол – «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының екі мәрте иегері (2007, 2012), Ы. Алтынсарин белгісінің иесі. 2025 жылы иеленген «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі – оның ғылымға адалдығы мен инновациялық ізденістерінің жоғары бағалануы. Ресей мен АҚШ-та өткен халықаралық сайыстардың жеңімпазы атануы – оның кәсіби шеберлігінің жаһандық деңгейде мойындалғанының дәлелі.

Түйіндей келгенде, Шолпан Серікбосыновна Сатиева – ғылым мен инновацияны, теория мен практиканы, ұлттық мүдде мен жаһандық стандарттарды үйлестіре білген бірегей тұлға. Ол бізге тек білім беріп қана қоймай, ғылыми ізденіске адал болуды, дерекке сүйеніп ойлауды, сыни талдау жасауды және зерттеу арқылы қоғамға қызмет етуді үйретеді. Мен МПип-2501 тобының

магистранты ретінде айтарым: осындай ұстаздан тәлім алу – болашаққа нық әрі сенімді қадам, ал оның ғылыми жолы біз үшін кәсіби бағдар мен рухани бағдаршам іспетті.

Ғалым еңбегінің қоғам дамуындағы орны

Д. ЖУМАГАЖИЕВА

Қоғамның дамуы мен өркендеуі ең алдымен ғылым мен білімге тікелей байланысты. Ғылым – адамзат өркениетінің қозғаушы күші, ал ғалым – сол дамудың басты тұлғасы. Ғалым еңбегі арқылы жаңа білім қалыптасады, ғылыми жаңалықтар ашылады, қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, экономикалық мәселелерге шешім табылады. Сондықтан ғалым еңбегінің қоғам дамуындағы орны ерекше әрі стратегиялық маңызға ие.

Ғалым еңбегі – адамзат өркениетінің дамуын қамтамасыз ететін негізгі күштердің бірі. Қай кезеңде болмасын қоғамның алға жылжуы ғылыми жаңалықтармен, тың идеялармен және терең зерттеулермен тығыз байланысты болды. Ғылыми ізденіс арқылы табиғат құбылыстары түсіндіріліп, жаңа технологиялар жасалып, әлеуметтік мәселелердің шешу жолдары ұсынылады. Сондықтан ғалым еңбегі тек жеке саланың емес, тұтас қоғамның прогресіне қызмет етеді.

Қазіргі жаһандану дәуірінде ғылымның рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптастыру үшін инновация, сапалы білім және ғылыми әлеует қажет. Бұл үдерісте ғалымдар жаңа білім өндіруші ғана емес, стратегиялық даму бағыттарын айқындаушы тұлға ретінде көрінеді. Олардың зерттеулері экономикалық өсімге, әлеуметтік тұрақтылыққа, рухани жаңғыруға негіз болып, қоғамның зияткерлік деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Ғалым – тек зерттеуші ғана емес, сонымен қатар қоғамның интеллектуалдық капиталы. Оның ғылыми ізденістері білім беру жүйесінің сапасын арттырып, жас ұрпақтың ой-өрісін кеңейтеді. Әсіресе психология саласындағы ғалымдардың еңбегі қоғам

үшін аса маңызды, себебі олар адамның тұлғалық дамуын, мінез-құлқын, әлеуметтік қарым-қатынасын, психологиялық қауіпсіздігін зерттеу арқылы қоғамның рухани саулығына үлес қосады.

Осы тұрғыдан алғанда, өз оқытушымы, психология ғылымының кандидаты, «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры Сатиева Шолпан Серикбосыновнаның ғылыми еңбектері қоғам дамуына бағытталған құнды зерттеулердің бірі болып табылады деп атап өткім келеді. 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін аталған университетте 4 профессор қызметін атқарып келе жатқан ғалым білім мен ғылымды ұштастыра отырып, болашақ мамандарды даярлауға зор үлес қосуда.

Ғалымның «Жеке тұлғаның оқу жылдамдығын арттыруды қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері» атты монографиясы (Семей, 2015) білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған маңызды еңбек. Бұл зерттеуде тұлғаның оқу дағдыларын дамыту, білімді тиімді меңгеру мәселелері қарастырылып, оқу үдерісінің психологиялық механизмдері талданады. Мұндай еңбектер қазіргі білім беру жүйесінде оқушылар мен студенттердің академиялық жетістігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы жастардың саяси және әлеуметтік тәртіпті коррекциялаудың психоллингвистикалық әдістерін әзірлеу» атты монографиясы (Семей, 2015) қоғамдағы жастар саясаты, әлеуметтік мінез-құлық және психоллингвистикалық ықпал ету мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Бұл еңбек қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға, жастардың саналы азамат болып қалыптасуына бағытталған зерттеулердің маңызын айқындайды. Ал «Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс)» атты оқу құралы (Астана: Фолиант, 2012) болашақ педагогтар мен психологтар үшін теориялық және практикалық тұрғыда құнды әдістемелік негіз болып табылады.

Сатиева Шолпан Серикбосыновнаның ғылыми-педагогикалық қызметі халықаралық деңгейде де мойындалған. Ол «Жоғары білім» жобасын жүзеге асырудағы белсенді еңбегі үшін «Фолиант» баспасының арнайы дипломымен марапатталған. Сонымен қатар, «Қазақстан Ғалымдары» энциклопедиясына енгізілуі – оның ғылыми еңбегінің ел көлемінде жоғары бағаланғанының дәлелі.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, алғыс хаттармен марапатталуы, жас зерттеушілерді даярлауға қосқан үлесі, сондай-ақ «Менің педагогикалық мамандығым» атты II Халықаралық педагогикалық шеберлік сайысында I орын алуы – ғалымның кәсіби шеберлігі мен ғылыми әлеуетінің айқын көрсеткіші.

Ғалым еңбегінің қоғам дамуындағы орны – тек жарияланған еңбектермен ғана өлшенбейді. Ол – тәрбиеленген шәкірттерімен, қалыптасқан ғылыми мектеппен, қоғам игілігіне қызмет ететін идеяларымен бағаланады. Психология саласындағы зерттеулер тұлғаның үйлесімді дамуына, білім беру сапасының артуына, жастардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді. Бұл – қоғамның тұрақты әрі сапалы дамуының негізі.

Ғалым еңбегінің қоғам үшін маңызы оның ғылыми жаңалық ашуымен ғана шектелмейді. Ол қоғамдық сананың дамуына, сыни ойлаудың қалыптасуына және ғылыми дүниетанымның орнығуына ықпал етеді. Ғылыми зерттеулер арқылы адамзат өз мүмкіндіктерін кеңейтіп, табиғат пен қоғам заңдылықтарын терең түсіне бастайды. Нәтижесінде ғылым тек теориялық білім көзі емес, практикалық мәселелерді шешудің тиімді құралына айналады.

Сонымен қатар, ғалымның еңбегі жас ұрпаққа үлгі болып, оларды білімге, ізденіске, жаңашылдыққа тәрбиелейді. Ғылыми ортада қалыптасқан идеялар мен тәжірибелер білім беру жүйесі арқылы таралып, қоғамның интеллектуалдық мәдениетін арттырады. Ғалымның табандылығы, жауапкершілігі мен адалдығы – ғылымның ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтардың дамуына әсер ететін маңызды фактор.

Қорытындылай келе, ғалым еңбегі – қоғамның интеллектуалдық іргетасы. Психология ғылымының кандидаты Сатиева Шолпан Серикбосыновнаның ғылыми және педагогикалық қызметі ғылым мен білімді ұштастыра отырып, қоғам дамуына нақты үлес қосып отырған жарқын мысал деуге болады. Осындай ғалымдардың табанды еңбегі арқылы елдің ғылыми әлеуеті артып, болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына жол ашылады.

Ғалым еңбегі – уақытпен өлшенетін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын құндылық. Оның ғылыми ізденістері мен жаңалықтары қоғамның сапалы дамуына, білім мен мәдениеттің өркендеуіне,

ұлттық зияткерлік әлеуеттің нығаюына негіз болады. Ғылымға адал қызмет еткен әрбір ғалым – ел болашағына салынған рухани әрі интеллектуалдық инвестиция. Сондықтан ғалым еңбегін бағалау, қолдау және насихаттау – қоғам дамуының маңызды шарттарының бірі.

Менің ғылыми жетекшім – менің жолбасшым

Н. РАМАЗАНОВА

Магистратура кезеңі – білім алушының ғылыми әлеуеті ашылып, зерттеуші ретінде қалыптасатын, кәсіби көзқарасы мен ғылыми жауапкершілігі айқындалатын маңызды белес. Бұл уақытта магистрант тек өз саласы бойынша теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, ғылыми ізденіс жүргізудің әдістемелік негіздерін меңгереді, зерттеу мәселелерін саралап, ғылыми тұжырым жасау дағдыларын дамытады. Осындай күрделі әрі жауапты үдерісте магистрантқа бағыт-бағдар беретін, ғылыми мәдениетке баулитын және кәсіби дамуына ықпал ететін негізгі тұлға – ғылыми жетекші болып табылады.

Ғылыми жетекшінің тәжірибесі мен талапшылдығы магистранттың зерттеу жұмысының мазмұны мен сапасына тікелей әсер етеді. Ол ғылыми жұмыстың бағытын айқындап қана қоймай, магистранттың ғылыми ойлау жүйесінің қалыптасуына, дербес шешім қабылдауына және ғылыми этиканы сақтай отырып жұмыс жүргізуіне ықпал етеді. Мен үшін осындай сенімді бағыт көрсеткен, ғылым жолындағы алғашқы қадамдарымды жүйелі етуге көмектескен тұлға – профессор Сатиева Шолпан Серикбосыновна.

Профессор Сатиева Шолпан Серикбосыновна – жоғары кәсіби деңгейімен, терең ғылыми білімімен және мол тәжірибесімен ерекшеленетін ғалым. Ғылыми жетекші ретінде ол зерттеу тақырыбын таңдаудан бастап, жұмыстың құрылымын қалыптастыру, мақсат-міндеттерін нақтылау, әдіснамалық негізін белгілеу және алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыда негіздеу үдерісінде жүйелі әрі нақты талап қояды. Оның әрбір ескертпесі мен ұсынысы менің зерттеу

жұмысымды жетілдіріп, ғылыми тұрғыдан сапалы деңгейге көтеруге бағытталды.

Ғылыми жетекшінің маңызды ерекшеліктерінің бірі – магистрантты дайын үлгілермен шектемей, өз бетінше ойлауға жетелеуі. Ол ғылыми мәселелерге сыни көзқараспен қарауды, зерттеу сұрақтарын дұрыс құрастыруды және алынған нәтижелерді дәлелдер арқылы негіздеуді талап етеді. Осындай жұмыс тәсілі менің зерттеушілік дағдыларымның дамуына, ғылыми ойымды еркін жеткізуіме және өз көзқарасымды сенімді қорғауыма мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысы барысында профессор Сатиева Шолпан Серикбосыновна ғылыми мәдениет пен академиялық адалдық мәселелеріне айрықша мән береді. Ол дереккөздерді дұрыс пайдалану, ғылыми еңбектерге сауатты сілтеме жасау және зерттеу этикасын сақтау қажеттігін үнемі назарда ұстайды. Мұндай талаптар мені тәртіпке, жауапкершілікке және өз еңбегімді сыни тұрғыда бағалауға үйретті. Сонымен қатар, ғылыми мақалалар дайындау, ғылыми конференцияларға қатысу және зерттеу нәтижелерін кәсіби ортада ұсыну тәжірибесін меңгеруіме де жетекшінің қолдауы зор болды.

Ғылыми ізденіс барысында туындайтын қиындықтар мен жауапты кезеңдерде ғылыми жетекші тарапынан көрсетілген қолдау мен сенім мен үшін аса маңызды болды. Күрделі теориялық мәселелерді талдау, зерттеу нәтижелерін жүйелеу немесе уақытты тиімді жоспарлау барысында оның сабырлы кеңестері мен нақты бағыт-бағдары ғылыми жұмысымды жалғастыруыма мотивация берді. Ғылыми жетекшінің адамгершілік қасиеті мен кәсіби талапшылдығы мені үздіксіз дамуға ынталандырды.

Қорытындылай келе, профессор Сатиева Шолпан Серикбосыновна мен үшін тек ғылыми жетекші ғана емес, ғылым жолындағы сенімді жолбасшы болып табылады. Оның кәсіби тәлімгерлігі, жоғары ғылыми талаптары мен адами қолдауы менің зерттеуші ретінде қалыптасуыма елеулі әсер етті. Ғылыми жетекшіден алған тәжірибе мен бағыт-бағдар болашақ ғылыми қызметімде саналы шешім қабылдауыма, ғылыми ізденістерімді жүйелі түрде жалғастыруыма берік негіз қалады. Сондықтан профессордың жетекшілігі магистратура кезеңінің ажырамас бөлігі ғана емес, менің кәсіби әрі ғылыми дамуымның маңызды тірегіне айналды.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБДУЛЛИНА Г. – Alikhan Bokeikhan University Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру педагогикасы кафедрасының аға оқытушысы. Семей қаласы.

АУБАКИРОВА Ж. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. Астана қаласы.

ГАЗИЗОВА Нәзигүл Слямболқызы – п.ғ.к., «Шәкәрім университеті» КеАҚ Социологиялық талдау орталығының координаторы, ҚР ПФА корреспондент-мүшесі. Семей қаласы.

ЖУМАГАЖИЕВА Диляра – «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы МПип-2501 тобының 1-курс магистранты. Семей қаласы.

ИБРАЕМОВА Майра Сансызбайқызы – тарих ғ.к., «Шәкәрім университеті» КеАҚ Тілдік коммуникация кафедрасының меңгерушісі. Семей қаласы.

ИРГЕБАЕВА Назилия Мұқатаевна – п.ғ.к., «Тұран-Астана» университетінің доценті. Астана қаласы.

КУРЕБАЕВА Г. – п.ғ.м., «Шәкәрім университеті» КеАҚ Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы. Семей қаласы.

МУХМЕТОВА Раукен Женисовна – п.ғ.м., «Шәкәрім университеті» КеАҚ Педагогика-психология кафедрасының аға оқытушысы. Семей қаласы.

ОСПАНОВА Жанар – «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы МПип-2501 тобының 1-курс магистранты. Семей қаласы.

ПЕРЛЕНБЕТОВ Мұқан Әтенұлы – психол.ғ.д., профессор. «Қазақ психологиялық қоғамы» РҚБ Президенті. Алматы қаласы.

РАМАЗАНОВА Нұргүл Ғабитқызы – «Шәкәрім университеті» КеАҚ 7М01201 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы МДО-2501 тобының магистранты. Семей қаласы.

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ

ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал
Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұр пресс», «Евразия Пресс», «Экспресс почта» және Post.kz сайты арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиып алыңыз да,
жазылыңыз!**

Индекс 75487

		Басылым индексі									
		АБОНЕМЕНТ									
		75487									
Білім кілті- Ключ знаний											
		Комплекті саны									
2026 жылға, айлары											
қайда											
		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
кімге		(аты, жөні)									
		Тасымалдау карточкасы									
		75487									
		Басылым индексі									
	ПВ	орны									
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге	...тиын	комплекті саны							
		...теңге	...тиын								
2026 жылға, айлары											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
қайда											
қайда											
		(почта индексі)	(мекен-жайы)								
кімге		(аты, жөні)									

**050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.**

Индексі 75487

